

**"Арнайы экономикалық аймақтардың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 6 қазандағы № 624 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2026 жылғы 13 наурыздағы № 169 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Арнайы экономикалық аймақтардың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 6 қазандағы № 624 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Ақтау теңіз порты" арнайы экономикалық аймағы туралы ережеде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. "Ақтау теңіз порты" арнайы экономикалық аймағы (бұдан әрі – АЭА) қоса беріліп отырған жоспарға сәйкес Маңғыстау облысының аумағында Маңғыстау облысы Ақтау және Жаңаөзен қалаларының, Мұнайлы, Қарақия және Түпқараған аудандарының әкімшілік-аумақтық шекаралары шегінде орналасқан.

АЭА порттық арнайы экономикалық аймақ болып табылады.

АЭА аумағы Ақтау халықаралық әуежайын қоса алғанда, 10384,1178 гектарды құрайды және Қазақстан Республикасы аумағының ажырамас бөлігі болып табылады.";

"Ақтау теңіз порты" арнайы экономикалық аймағы туралы ережеге қосымша осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген "Ақтау теңіз порты" арнайы экономикалық аймағының нысаналы индикаторлары осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2026 жылғы 13 наурыздағы  
№ 169 қаулысына 1-қосымша  
"Ақтау теңіз порты" арнайы  
экономикалық аймағы туралы  
ережеге қосымша

**"Ақтау теңіз порты" арнайы экономикалық аймағы аумағының жоспары**



	көрсеткіштер			индикатор	индикатор	индикатор	индикатор	индикатор	индикатор
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	Инвестициялардың жалпы көлемі, оның ішінде:	млрд теңге	290	440	1230	1380	1490	1560	1720
1.1	шетелдік инвестициялар көлемі	млрд теңге	170	180	350	430	480	530	620
1.2	отандық инвестициялар көлемі	млрд теңге	120	260	880	950	1010	1030	1100
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
2	АЭА аумағында тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің (жұмыстарды) өндіру көлемі	млрд теңге	450	611	1003	1153	1303	1503	1703
3	Қатысушылар саны (компаниялар)	бірл.	50	66	113	133	153	168	188
4	АЭА аумағында құрылатын жұмыс орындарының саны	адам	2300	4345	8100	9000	9300	9600	9900
5	АЭА аумағындағы өндірістің жалпы көлемінд	%	50	53	63	68	73		83

егі қазақстан дық қамту үлесі							78	
---	--	--	--	--	--	--	----	--

\* - индикаторлардың көрсеткіштері өсу қорытындысымен келтірілген.

---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ